

# **Брокерлік қызметтер және\немесе номиналды ұстау қызметтерін көрсету кезінде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану туралы**

## **Келісім**

«First Heartland Securities» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Брокер) жеке және\немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – Клиент) төмендегілерді назарға ала отырып, қосылу шарты болып табылатын осы брокерлік қызметтер және\немесе номиналды ұстау қызметтерін көрсету кезінде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) негізінде брокерлік қызметтер және\немесе номиналды ұстау қызметтерін көрсету кезінде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдаланады:

- Брокер мен Клиенттің арасында жасалған брокерлік қызметтер мен номиналды ұстау қызметтерін көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт);
- Брокердің клиенттік тапсырыстарды/Клиенттің бұйрықтарын «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылы 7 қаңтардаы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электрондық құжат айналымы жүйесін пайдаланумен электрондық түрде орындауына Клиенттің келісімі.

## **КЕЛІСІМДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН АЙҚЫНДАМАЛАР**

**Өтініш** - Брокер бекіткен Келісімге қосылу туралы өтініштің нысаны, Клиенттің қол қоюы және Брокерге ұсынуы мақсатында Клиентке ұсынылады. Толтырылған және қол қойылған Өтініштің нысаны Клиенттің Келісімге қосылуға келісімі және оның талаптарымен келісімі болып табылады.

**Клиенттік тапсырыс/бұйрық** – Шартпен көзделген клиенттік тапсырыстар мен бұйрықтардың барлық нысандары.

**Жеке кабинет** – Брокердің интернет желісіндегі [www.fhs.kz](http://www.fhs.kz) ресми веб-сайтының Брокердің клиенттеріне арналған жеке бөлімі, клиенттер ол арқылы дербес шоты, есепке жатқызылған төлемдер туралы қажетті ақпарат алады, сондай-ақ Брокерге электрондық құжаттар нысанында (электрондық құжат айналымы) клиенттік тапсырыстар мен бұйрықтар жолдай алады.

**Негізгі ақпаратты тасығыш** – электрондық цифрлық қолтаңбаның кілттерінің қорғалған қоймасы (смарт-карта, негізгі дискета және басқасы).

**Электрондық құжат** – онда ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

### **1. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ**

Келісімнің талаптарына сәйкес Брокер Клиентке электрондық құжат айналымы жүйесін пайдаланумен, атап айтқанда Жеке кабинет арқылы Брокерге электрондық құжаттар нысанында Клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар жолдау мүмкіндігін береді.

### **2. КЕЛІСІМНІҢ ОРЫНДАЛУ ТӘРТІБІ**

Клиент Брокерге Клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар беруді Жеке кабинет арқылы жүзеге асыруға құқылы. Бұл орайда Клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың нысаны және оны жолдау тәртібі Брокер мен Клиенттің арасында жасасқан Шартпен белгіленген талаптарға сәйкес болуға тиіс.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

3.1. Брокер келесіні міндетіне алады:

- Клиент Жеке кабинет арқылы берілген Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды қабылдау;
- Клиенттен Негізгі ақпаратты тасығышқа қатысты қауіпсіздік режимінің бұзылуы туралы, не болмаса уәкілетті тұлғаның өкілеттіктерінің доғарылуы туралы өтініш алғаннан кейін нұқсан келтірілген негізгі ақпараттың негізінде кідіріссіз электрондық құжат айналымы

жүйесіне қатынау мүмкіндігін бұғаттау және, қажет болған жағдайда, мұндай негізгі ақпаратқа нұқсан келгені туралы хабарлау.

### 3.2. Брокер келесіге құқылы:

- Брокерде Клиенттік тапсырыс/бұйрық оған уәкілеттігі жоқ тұлғамен берілген (мысалы, қол қоюшының өкілеттіктерінің доғарылуы, қол қоюшыға сенімхаттың қайтып алынуы және т.т.) деп пайымдауға негіздер бар болса, Клиент Жеке кабинет арқылы берген Клиенттік тапсырысты/бұйрықты орындауды уақытша тоқтату. Ал егер ондай ақпарат расталмаса, клиенттік тапсырысты/бұйрықты Брокер Клиенттің оны оған уәкілеттігі бар тұлғаның жібергенін қосымша жазбаша растауынан кейін орындайды.
- клиенттік тапсырысты/бұйрықты бұрыс толтырылуы/ақпараттың жеткіліксіздігі себебінен немесе Шартта көрсетілген басқа себептерден орындауға қабылдаудан бас тарту.

### 3.3. Клиент келесіні міндетіне алады:

- Негізгі ақпаратты тасығышқа және онда берілген ақпаратқа қатысты қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті және жеткілікті шаралар қабылдау, соның ішінде келесіні қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей:
  - i. Негізгі ақпаратты тасығышты жоғалу, физикалық зақымдалу немесе жойылу мүмкіндігінен қорғау;
  - ii. Негізгі ақпаратты тасығышқа қатынау мүмкіндігін Негізгі ақпаратты тасығышты бөгде тұлғалар үшін қол жетпейтін орында сақтау және бөгде тұлғалардың сондай тасығыш сақталатын үй-жайға қатынау мүмкіндігін шектеу жолымен және басқа мүмкін тәсілдермен тек оған уәкілеттігі бар тұлғаға беру;
  - iii. компьютерлік вирустардан және Негізгі ақпаратты тасығыш оқу құрылғысында тұрған уақытта онда бар ақпаратты автономды режимде оқитын компьютерлік бағдарламалардан қорғауды қоса алғанда, сондай ақпарат тасығышта бар негізгі ақпаратты көшіріп алу, рұқсатсыз модификациялау (соның ішінде пайдаланушы болып табылмайтын тұлғаның жаңа кілттер генерациялауы) немесе жойылу мүмкіндігінен қорғау;
  - iv. сондай ақпарат тасығышта бар негізгі ақпаратты жабық кілтті пайдалануға уәкілетті болып табылмайтын тұлғаның онымен танысу мүмкіндігінен қорғау;
  - v. электрондық құжат айналымы жүйесіндегі жұмыс аяқталған соң Негізгі ақпаратты тасығыш оқу құрылғысынан шығарылуын бақылау;
- Клиентке Негізгі ақпаратты тасығышқа қатысты қауіпсіздік режимінің бұзылуы туралы белгілі болған жағдайда, ол кідіріссіз осы негізгі ақпараттың негізінде электрондық құжат айналымы жүйесіне қатынау мүмкіндігін бұғаттау туралы жазбаша, не болмаса ауызша өтінішпен (келесіде жазбаша растауды міндетті ұсынумен) Брокерге жүгінуге міндетті.

### 3.4. Клиент:

- Негізгі ақпаратты тасығышты Жеке кабинет арқылы Брокерге Клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар беру үшін пайдалануға құқылы.

## 4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Клиент Келісімнің 3.3-тармағына сәйкес Негізгі ақпаратты тасығыштың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік көтереді.

4.2. Клиент Негізгі ақпаратты тасығышқа қатысты қауіпсіздік режимінің бұзылуы туралы Брокерді уақытылы құлақтандырмаған кезде, Клиент қауіпсіздік режимінің сондай бұзылуының нәтижесінде ол үшін негізгі ақпарат және/немесе оны тасығыш қолжетімдіге айналған тұлға берген Клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар үшін толық жауапкершілік көтереді.

4.3. Осы Келісімнің талаптарын орындамаған, не болмаса тиіссіз түрде орындаған жағдайда, тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

## 5. ДҮЛЕЙ КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ

5.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер ондай орындамау осы Шартты жасасқаннан кейін Тарап не алдын ала болжап біле алмаған немесе ақылға қонымды шаралармен бетін қайтара алмаған төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде

туындаған дүлей күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Дүлей күш мән-жайларына Тарап оларға ықпал ете алмаған және олардың пайда болуы үшін ол жауапкершілік көтермейтін, бұл орайда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды мүмкін емес қылатын оқиғалар жатады.

5.3. Дүлей күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап 5 (бес) күнтізбелік күннің ішінде уәкілетті органдар берген куәландырушы құжаттарды ұсына отырып, екінші Тарапқа сондай мән-жайлардың орын алғаны туралы жазбаша нысанда хабар беруге міндетті. Осы тармақпен көзделген мерзім, егер екінші Тарапты дүлей күш мән-жайының әсері туралы құлақтандыру аталан мән-жайға байланысты мүмкін болып табылмаса, қолданылуға жатпайды. Дүлей күш мән-жайының әсері туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында таратылатын немесе жалпыға мәлім сипатқа ие болатын жағдайда, осы тармақтың уәкілетті органдар берген куәландырушы құжаттарды ұсыну туралы талабы қолданылмайды.

5.4. Дүлей күш мән-жайлары туындаған жағдайда, осы Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі сондай мән-жайлар және олардың салдары оның ішінде әсер ететін уақытқа мөлшерлес ұзартылады.

5.5. Егер осы Келісімнен туындайтын міндеттемелердің орындалмау жай-күйі 1 (бір) айдан астам әсер етуін жалғастырса, және келесі айдың ішінде мән-жайдың доғарылуы туралы міндетті мәлімдеме жасауға мүмкіндік жоқ болса, онда әр тараптың ескерту мерзімінсіз, үзудің дереу күшіне кіруімен осы Келісімді үзуге құқығы бар.

## **6. ҚҰПИЯЛЫҚ**

6.1. Клиенттің ашық кілтінің тіркеу куәліктеріне сәйкес келетін электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері мен Клиенттің Негізгі ақпаратты тасығыштары Клиенттің құпия ақпараты болып табылады.

6.2. Келісім бойынша тараптардың әрқайсысы тараптардың әрқайсысының құпия ақпаратына қатысты тиісті режимді сақтайды және көрсетілген ақпаратты жария етілуден қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

6.3. Тараптар осы Келісім бойынша ынтымақтастық процесінде тараптарға белгілі болған, банктік, коммерциялық, қызмет бабындағы және басқа заңмен қорғалатын құпияға жататын ақпаратты жария қылмауды және заңнамамен тура белгіленген жағдайларды қоспағанда, екінші тараптың жазбаша келісімінсіз ондай ақпаратты жария қылмауды міндетіне алады.

## **7. КЕЛІСІМНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ДОҒАРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҮЗІЛУ**

7.1. Осы Келісім Брокердің Клиент қол қойған өтінішті алуы сәтінен бастап күшіне кіреді және мерзімсіз қолданылады.

7.2. Келісімнің қолданылуы келесі негіздер бойынша мерзімінен бұрын доғарылуы мүмкін:

- тараптардың бірінің бастамасы бойынша екінші тарапты жорамалдағы ұзу күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде құлақтандыру жолымен;
- тараптардың екіжақты келісімі бойынша;
- Брокердің брокерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясының қолданылуы уақытша тоқтатылған немесе қайтып алынған жағдайда;
- Брокер заңды тұлға ретінде таратылған жағдайда;
- Келісімнің талаптарына сәйкес дүлей күш мән-жайларының әсеріне байланысты;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге негіздер бойынша.

## **8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

8.1. Тараптар екінші тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа Келісім бойынша құқықтарын табыстай немесе өздерінің міндеттерін орындауды тапсыра алмайды.

8.2. Осы Келісімнің талаптарымен көзделмеген барлық басқасында, тараптар Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8.3. Келісімге сәйкес жолданған барлық құлақтандырулар мен хабарлар жазбаша нысанда жасалған болуға тиіс. Олар, егер Шартпен көзделген байланыс тәсілімен жіберілген болса, тиісті түрде

жіберілген болып саналады.

8.4. Тараптардың өзара келісуі бойынша, егер кез келген уақытта осы Келісімнің бір немесе бірнеше ережесі кез келген жағдайларда немесе кез келген заң бойынша күші жоқ, заңсыз немесе заңды күшінен айырылған болып табылса, немесе сондайға айналса, осы Келісімнің өзге ережелерінің қолданылуы, заңдылығы және заңды күші өзгеріссіз қалады.

8.5. Келісімге өзгертулер, толықтырулар және түзетулер Брокермен бір жақты тәртіпте енгізілуі мүмкін және Клиенттің назарына Клиенттің электрондық мекенжайына тиісті құлақтандыру жолдау жолымен жеткізіледі. Көрсетілгенмен қатар, Брокер Келісімге өзгертулер және\немесе толықтырулар енгізу туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында таратуға құқылы. Аталған құлақтандыруды жіберу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күннің ішінде Брокер Клиенттен енгізілген өзгертулермен және\немесе толықтырулармен жазбаша келісім немесе бас тарту алмаған жағдайда, тараптар осы Келісім өзгертілген және\немесе толықтырылған талаптарда қолданылуын жалғастыратынымен, ал Клиент енгізілген өзгертулер және\немесе толықтырулармен келіскенімен келіседі. Осы тармақта көрсетілген мерзім біткенге дейін Клиент Брокердің атына Келісімге енгізілген өзгертулерден және\немесе толықтырулардан бас тарту жолдаған жағдайда, осы Келісім үзілуге жатады.

8.6. Келісім орыс және қазақ тілдерінде әр тарап үшін бір-бір данадан, бірдей заңды күшке ие екі данада жасалды. Келісімнің орыс тіліндегі және мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің арасында алшақтықтар туындайтын жағдайда, тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алуға уағдаласты.

**«First Heartland Securities» АҚ Брокерлік қызметтерді және\немесе номиналды ұстау қызметтерін жүзеге асыру кезінде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану туралы келісімге ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ (жеке тұлғалар үшін)**

Мен,

Тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты (толық)	
ЖСН (өзге идентификатор)	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (атауы, нөмірі, күні, берген орган, қолданылу мерзімі)	

«First Heartland Securities» АҚ (бұдан әрі - Брокер) Брокерлік қызметтерді және\немесе номиналды ұстау қызметтерін жүзеге асыру кезінде электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалану туралы келісімнің талаптарына жалпы қосыламын және келесіде қызмет көрсету үшін өзім туралы келесі мәліметтер беремін:

Байланыс телефоны	
E-mail бар болған жағдайда	

\_\_\_\_\_ (қолтаңбасы)

***Брокер толтырады***

	Өтініштің қабылдану күні	КК/АА/ЖЖ
	Өтінішті қабылдаған Брокердің жұмыскерінің лауазымы және аты-жөні, қолтаңбасы	